

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 және " Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы " 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 739 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 663 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 23-24, 228-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативінде:

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | | |
|---|---------------------------|---|--------|----|------|
| 6 | Премьер-Министрдің Кеңесі | Премьер-Министрдің орынбасары | 1 | | 2600 |
| | | Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы | 1***** | | 2600 |
| | | Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының орынбасары | 1***** | | 2000 |
| | | Алматы қаласында көлік қызметін көрсету | 12 | 1 | 2600 |
| | | Қонақтарға арналған | | 14 | *** |

":

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"*****"осы норматив, "Назарбаев орталығы" көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесінің басшысы мен орынбасарларына да қолданылады";

2) "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы № 288 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарының тиесілілік табелінде:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" деген бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

| | | | |
|-------|------------------------|---|---|
| Жедел | Жедел жұмыс істеу үшін | "Назарбаев орталығы" көп функциялы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі | 2 |
|-------|------------------------|---|---|

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов